

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде азаматтық авиақұрастыру саласындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі 2022 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары ("жол картасы") туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2022 жылғы 25 ақпандағы № 5 Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде азаматтық авиақұрастыру саласындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі 2022 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары ("жол картасы") бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтерімен бірлесіп, осы Өкіммен бекітілген жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------

Еуразиялық үкіметаралық
кеңестің
2022 жылғы 25 ақпандағы
№ 5 өкімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде азаматтық авиақұрастыру саласындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі 2022 – 2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары ("жол картасы")

Іс-шараның атауы	Күтілетін нәтиже	Орындау мерзімі	Орындаушы
1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) азаматтық авиация саласының жай-күйі мен дамуын бағалау бойынша талдамалық материалдарды дайындау және	талдамалық материалдар	2022 ж. наурыз, одан әрі жыл сайын	Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі

өзекті ету, мыналарды ескере отырып:			– Комиссия), мүше мемлекеттер
а) ұшу аппараттары, оларды өндіруге арналған жабдықтар өндірісін жергіліктендірудің және мамандарды кәсіптік даярлаудың халықаралық тәжірибесін талдау			
б) ұшақтардың типтері бөлінісінде авиациялық техникаға сұраныс пен ұсыныстың болжамды теңгерімдері негізінде мүше мемлекеттердің авиациялық техникамен қамтамасыз етілуі жөніндегі ұсыныстар			
2. Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында азаматтық авиакұрастыру саласындағы бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыруға мүдделі мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кәсіпорындарының бірыңғай тізбесін қалыптастыру, жүргізу және өзекті ету	кәсіпорындар тізбесі/ Комиссия Алқасының ұсынымы	2022 ж. мамыр, одан әрі жыл сайын	Комиссия, мүше мемлекеттер
3. Үшінші елдерден импортталатын және баламасы жоқ, мүше мемлекеттердің аумақтарында, оның ішінде импорт алмастыру мақсаттары үшін			

өндірілетін авиациялық жиынтықтаушы бұйымдардың тізбесін әзірлеу немесе әуе кемелерін өндіруге арналған құрамдастарға қатысты кедендік-тарифтік реттеу шаралары бойынша ұсыныстар тұжырымдау	талдамалық материалдар (ҚБП белгісімен)	2022 ж. мамыр, одан әрі жыл сайын	Комиссия, мүше мемлекеттер
4. Комиссияның мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынған азаматтық авиакұрастыру саласындағы авиациялық жиынтықтаушыларды өндірудегі қажеттіліктер мен проблемалар туралы ақпарат негізінде талдамалық материалдар дайындауы	талдамалық материалдар (ҚБП белгісімен)	2022 ж. тамыз, одан әрі жыл сайын (қажеттігіне қарай)	Комиссия, мүше мемлекеттер
5. "Азаматтық авиакұрастыру" еуразиялық технологиялық платформасын қалыптастыру	Комиссия Кеңесінің өкімі	2022 ж. қазан	Комиссия, мүше мемлекеттер
6. Еуразиялық Даму Банкінің және басқа да халықаралық ұйымдардың құралдары арқылы азаматтық авиакұрастыру саласындағы кооперациялық жобаларды қаржыландыру мәселесін пысықтау	ұсыныстар	2022 ж. қыркүйек, одан әрі жыл сайын	Комиссия, мүше мемлекеттер
7. Азаматтық авиакұрастыру саласындағы өнеркәсіптік			

ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі келісілген шешімдерді іске асыруды қамтамасыз ету үшін мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу (қажет болған кезде)	м ү ш е мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері	қажеттігіне қарай	мүше мемлекеттер
8. Мүше мемлекеттерде азаматтық авиақұрастыру саласындағы академиялық мобильділікті ұйымдастыру мәселесін зерделеу	ұсыныстар	2023 ж. наурыз	мүше мемлекеттер
9. Бірлескен кооперациялық жобалардың әлеуетті қатысушыларының мүмкіндіктерін олардың мүше мемлекеттердің азаматтық әуе кемелерін өндірушілердің талаптарына сәйкестігін айқындау тұрғысынан бағалау	өндірістік талаптар тізбесі	2022 ж. тамыз	мүше мемлекеттер
10. Мүше мемлекеттердің өндірушілерін барынша тартуды ескере отырып, мүше мемлекеттердің аумақтарында авиациялық кемелерді, авиакомпоненттерді, жиынтықтауыштарды құрастыру бойынша бірлескен	бірлескен кәсіпорындар (жобалар) тізбесі		мүше мемлекеттер

өндірістік алаңдарды ұйымдастыру		2022 ж. қараша	
11. Мүше мемлекеттердің бірлескен кооперациялық жобаларына қатысушылар арасында шарттар жасасуға жәрдемдесу	консультациялық қолдау (мүше мемлекеттердің кәсіпорындары арасындағы шарттар)	2022 ж. желтоқсан, одан әрі жыл сайын	мүше мемлекеттер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК